

16 маусым,
Сейсенбі,
2020 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

Ойыл

КАРАНТИН РЕЖИМІНДЕГІ СЕССИЯ ҚЫСҚА УАҚЫТТА ҚЫЗУ ТАЛҚЫМЕН ӨТТІ

ӨТКЕН СӨРСЕНБІ КҮНІ
АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ
КЕЗЕКТІ ҚЫРЫҚ
ТОҒЫЗЫНШЫ СЕССИЯСЫ
ӨТТІ. №4 АБАЙ САЙЛАУ
ОКРУГІНЕН САЙЛАНҒАН
ДЕПУТАТ ИСАТАЙ
БЕРҒАЛИЕВТІҢ
ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ӨТКЕН
СЕССИЯ ЖҰМЫСЫНА
МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ
ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР
ҚАЗЫБАЕВ ПЕН БІРҚАТАР
МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ
ҚАТЫСТЫ.

Алдымен аудан әкімдігінің 2019 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы аудандық қаржы бөлімінің басшысы Болатбек Әділханов хабарласа, 2019 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуына жүргізілген бақылау қорытындылары туралы Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қ.Игисенов баяндады. Мәслихат депутаттарының көп сауалына арқау болған да соңғы баяндама болды. Әсіресе, жобалаушы



органдардың қателігінен жіберілген кемшіліктің кесірі аудандағы атқарушы органдардың басшыларына тиіп отыр.

Одан кейін халық қалаулыларының назарына Ойыл ауданындағы дене шынықтыру мен спорттың жағдайы және одан әрі дамыту шаралары туралы аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Серік Меруенов баяндаса, аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бөлімінің басшысы Қайнар Ұлықпанов «Аудандық мәслихаттың 2019

жылдың 24 желтоқсанындағы №361 «2020-2022 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынды.

Күн тәртібіне ұсынылған мәселелерге орай аудан әкімі Асқар Қазыбаев өз пікірін білдіріп, ұсыныстарын жеткізді.

Карантин режимінің барлық талаптары сақталып өткізілген сессия жұмысы күн тәртібінен ұсынылған басқа мәселелерді талқылап, тиісті шешімдер қабылдаумен аяқталды.



ТАЗА АУЫЛ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

АТАМ ҚАЗАҚ ӨУ БАСТАН «АУЫЛЫНА ҚАРАП, АЗАМАТЫН ТАНЫ!» - ДЕЙДІ. «КЕЛГЕНШЕ ҚОНАҚ ҰЯЛАДЫ, КЕЛГЕСІН ҚОНАҚ ИЕСІ ҰЯЛАДЫ» - ДЕГЕНДЕ БІЗДІҢ БАБАЛАР. БІРАҚ, ТАЗАЛЫҚТЫ БІРЕУ ҮШІН ЖАСАМАЙМЫЗ! САЙЫП КЕЛГЕНДЕ, АУЫЛДЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ - ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ.

Әрине, биыл төтенше жағдай режиміне байланысты көптеген шаралар шектелді. Жаппай сенбіліктер де өткізілген жоқ. Соған қарамастан, көктем шыға үйінің төңірегін тазалайтын тұрғындар биыл да сол дәстүрінен жаңылған жоқ. Дегенмен, өлі де кемшін тұстарымыз бар. Әсіресе, үйлеріміздің сыртын өктеп, төңірегіміздің тазалығын күнделікті қадағалау тұрақты жүргізілмей тұр. Сонымен қатар, қысқы мал азығының қалдықтары мен қилардың тиісті

орындарға өлі күнге шығарылмауы тазалық талаптарынан тыс құн ысыған кезде қауіп төндіретінін де ұмытпауымыз керек. Рас, карантиндік режимде шектеулер бар. Алайда, аурудың сөйілмей тұрғаны да тазалық, санитарлық талаптардың сақталмауынан екенін түсіндіріп жатудың өзі артық. Экология - деген халықаралық терминнің де қазақшасы «айналаның тазалығы» - деген мағына береді. Сондықтан, айналаның тазалығы бәрімізге ортақ!

ЫРҒЫЗБАЙ ҚОСДӘУЛЕТОВ - ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ!

КЕШЕ «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ ӨТТІ.



Сайлауға аудандық мәслихат депутаттары, аудандық сайлау комиссиясының мүшелері, кандидаттардың сенімді өкілдері, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер, БАҚ өкілдері қатысты.

Алдымен аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Бисекенов таңдаушыларға дауыс беру тәртібін түсіндірді. 10 депутат өз таңдауларын жасады. Дауыс беру барысы аяқталған соң, комиссия мүшелері арнайы урнадағы дауыс беру парақтарын канди-

даттардың сенімді өкілдерінің көзінше санап, комиссия төрағасы сайлаудың қорытындысын жариялады.

10 депутаттың 9-ның дауысына ие болған Ырғызбай Қосдаулетов Қайыңды ауылдық округіне әкім болып сайланды. Сайлау соңында жиынға төрағалық еткен аудандық мәслихат хатшысы Еркін Жиеналин Қайыңды ауылдық округінің өкімі лауазымына сайланған Ырғызбай Төлеуұлының қызметіне сәттілік тіледі.

АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІН САЙЛАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ХАБАРЫ 2020 жылғы 15 маусым

№	Ауылдық округтің атауы	Әкімдікке тіркелген барлық үміткерлер саны	Сайлау күніне дейін шығып қалған үміткерлер	Дауыс беру бюллетеніне енгізілген үміткерлер саны	Мәслихат таңдаушыларының жалпы саны	Сайлау бюллетенін алған таңдаушылар саны		Дауыс беруге қатысқан таңдаушылар саны	Үміткерлердің тегі, аты-жөні	«жақтаған» дауыстардың саны		Сайланған әкімнің тегі, аты-жөні	Партиялығы	Жарамсыз деп танылған бюллетендер саны
						Нақты саны	%			Нақты саны	%			
1	Қайыңды ауылдық округі	2	0	2	11	10	90,9	10	Қосдаулетов Иргизбай Тулеуович	9	90,0	Қосдаулетов Иргизбай Тулеуович	«Нұр Отан» партиясының мүшесі	0
									Сагинғалиев Дастан Базарбайұлы	1	10,0			

Комиссия төрағасы:
Комиссия хатшысы :

Б.Бисекенов
Б.Бактыгереев

Ақтөбе облысының аумағында шектеу шараларын күшейту туралы «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ҚАУЛЫ

12.06.2020ж.

Мен, Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігері Беркімбаева Нұрсұлу Алтынбекқызы, **«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 150 бабы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыз-дағы №239 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидасының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №37 қаулысына сәйкес, Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылықтың 6,5% өсуіне байланысты және оның одан әрі таралуына жол бермеу мақсатында, ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақтөбе қаласының және облыс аудандарының өкімі, Ақтөбе облысының полиция департаменті, Ақтөбе облысының көсіпкерлік басқармасы және облыстық «Атамекен» ҰКП қамтамасыз етсін:

1.1. *Қызметті тоқтата тұру:*

1) интернет және компьютерлік клубтар;
2) балалар аттракциондары, фудкорттар, оның ішінде сауда-ойын-сауық орталықтарын, саябақтар, скверлер, аллеялар, дәмхана жанындағы;

3) сауықтыру лагерлері;

4) түнгі клубтар, кальяндар, караоке.

1.2. *Тыйым салынсын:*

1) бұқаралық, салтанатты, естелік және еске алу іс-шараларын өткізуге;
2) көрмелер, форумдар, конференциялар және өзге де ұйымдас-тырылған бұқаралық іс-шаралар өткізуге.

3) стационарлық емес қоғамдық тамақтану және сауда объектілерінің (дүңгіршектер, парктердегі стационарлық емес объектілер және басқалар) қызметіне.

2. *Ақтөбе қаласы мен облыс аудандарының өкімі, Ақтөбе облысының полиция департаменті:*

1) қалалардағы қоғамдық көліктің жұмыс тәртібі сағат 06:00-ден 21:00-ге дейін;

Санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау талаптарын күшейту. Қоғамдық көлікке жолаушыларды (оның ішінде жүргізушілер мен кондукторларды) маскасыз жібермеу. Жолаушыларды тасымалдау қатаң түрде отырғызу орындарының саны бойынша жүзеге асырылсын;

2) Азық-түлік, мал, автотөбиле, киім-кешек, құрылыс базарларының жұмыс тәртібі дүйсенбіден бейсенбіге дейін сағат 09:00-ден 13:00-ге дейін, жұма-жексенбі күндері сағат 10:00-ден 16:00-ге дейін күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып;

3) Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 20.05.2020 жылғы №37 қаулысының 17 қосымшасына сәйкес онлайн-тапсырыс және жеткізу объектілерін қоспағанда, сатып алушылар арасындағы өлеуметтік қашықтықты, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, азық-түлік дүкендерінің, супермаркеттердің, гипермаркеттердің жұмыс режимі сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін;

4) Азық-түлік емес дүкендердің, сауда орталықтарының, үйлердің, тұрмыстық техника дүкендерінің, құрылыс дүкендерінің ауданына қарамастан күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс режимі;

5) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, адамдар жаппай жиналатын сауда-ойын-сауық орталықтарының

жұмыс режимі сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін;

6) аквапарктердің, бассейндердің жұмыс тәртібі сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып;

7) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, моншаның жұмыс тәртібі сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін;

8) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, білім беру орталықтарының, үйірмелердің, қосымша білім беру орталықтарының (репетиторлық, тілдік) жұмыс тәртібі сағат 10:00-ден 16:00-ге дейін;

9) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, барлық меншік нысанындағы спорт объектілерінің (фитнес клубтар, тренажер залдары, спорт кешендері) жұмыс тәртібі сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін;

10) Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 20.05.2020 жылғы №37 қаулысының 19-қосымшасына сәйкес онлайн-тапсырыс және жеткізу объектілерін қоспағанда, қоғамдық тамақтандыру объектілерінің (оның ішінде жазғы павильондардың) жұмыс режимі сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін, үстелдердің арасындағы өлеуметтік қашықтықты сақтай отырып және 50 адамға дейін келушілер санын шектей отырып (банкеттер өткізбей);

11) онлайн форматта қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда, ХҚО-ның жұмыс тәртібі сағат 10:00-ден 16:00-ге дейін;

12) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, букмекерлік кеңселердің, бильярд, боулинг-орталықтардың жұмыс режимі сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін;

13) мешіттерде жұма намазын өткізуді (жеке намаз өткізу үшін өрбір адамға ғибадат орындарын 1,5 метр қашықтықта, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып белгілеу) шектесін.

3. Ақтөбе қаласының және облыс аудандарының өкімі, құқық қорғау, арнайы органдар, барлық мемлекеттік органдар (ұйымдар) Ақтөбе облысының аумағында коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылықтың одан әрі өсуінің алдын алу мақсатында шектеу шараларын күшейтсін және қамтамасыз етсін:

1) Мемлекеттік органдардың (ұйымдардың), кеңселердің өлеуметтік қашықтықты және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып қызметі, бұл ретте қызметкерлердің 80% – ы үшін қашықтықтан жұмыс нысаны сақталады (штат кестесінде 30-дан астам қызметкер сақталады);

2) қашықтықтан жұмыс жасайтын қызметкерлер арасында карантиндік іс-шараларды сақтау;

3) қызметті жүзеге асыратын барлық объектілерде күшейтілген санитариялық-дезинфекциялау режимін сақтау (қолды өңдеуге арналған санитайзерлерді орнату, бетін күнне кемінде екі рет өңдеу, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып ылғалды жинау, жел-дету);

4) көшелерді жаппай дезинфекциялау (жуу), өрбір рейс алдында қоғамдық көліктің жуу және дезинфекциялау құралдарын, қоғамдық көлік аялдамаларын (күніне кемінде екі рет), балалар және спорт алаңдарын, отырғыштар мен орындықтар, банкоматтарды, банкеттердің терминалдарын, POS-терминалдарды қолдана отырып өңдеу;

5) эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтау және өкімдіктер жанындағы ұтқыр топтардың тексерулер жүргізуін күшейту;

6) такси қызметтерінің жолаушыларды тасымалдау бойынша міндетті түрде маска тағып, тек 1 адамнан немесе бір ересек адамның екі көмелетке толмаған баланы алып жүруі шектеулерін сақтауы.

5. *Ақтөбе облысының тұрғын-*

дарына:

1) жаппай, салтанатты, отбасылық және естелік іс-шараларды, оның ішінде үй жағдайында аула маңындағы аумақтарда шатырлар, палаткалар, киіз үйлер орната отырып, өткізуге тыйым салу;

2) мыналарды: азық-түлікті, бірінші кезекте қажетті заттарды, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды, медициналық көмекке қатысты, жұмысқа шығуды қоспағанда, аса қажетсіз тұрғын үйден шығуды шектеу;

3) тұратын жерінен тыс жерде жүрген кезде маска киіп, бір рет қолданылатын қолғаптарды пайдалану және қолды өңдеуге арналған тері антисептиктерінің болуы;

4) отбасы мүшелерін қоспағанда, үш адамнан аспайтын топтардың жүруін шектеуге;

5) 65 жастан асқан азаматтар өзін-өзі оқшаулау режимін сақтауға міндетті.

6. *«Қазпочта» АҚ Ақтөбе облыстық филиалына»:*

1) «Қазпочта» АҚ филиалдарының жұмыс режимін онлайн форматта қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайда сағат 10:00-ден 16:00-ге дейін шектеу;

2) Өлеуметтік қашықтықты және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды қамтамасыз ету;

3) қызметкерлердің халыққа бір рет қолданылатын қолғаптар мен медициналық маска киіп қызмет көрсетуін қамтамасыз ету;

4) жеке қорғану құралдарында (халат, медициналық маска, қолғаптар) пошталық хат-хабармен (хаттар, сөлемдемелер және т.б.) байланыс жасауды көздейтін жұмысты ұйымдастыру.

7. *Темір жол және автовокзалдар өуежайларының басшылары:*

1) өуе кемелері мен құрамдарды келгеннен кейін, оның ішінде қызмет көрсететін жердегі жабдықтар мен көлікке қорытынды дезинфекциялау;

2) өрбір рейстен кейін өуе кемелерін, құрамдарды және көлікті ағымдағы профилактикалық дезинфекциялау;

3) жолаушыларды түсіруге және отырғызуға тартылған өуежай терминалдарының, темір жол және автовокзалдардың барлық үй-жайларын ағымдағы профилактикалық дезинфекциялау.

8. *Ақтөбе облысының полиция департаменті:*

1) жоғарыда көрсетілген талаптардың бұзылуы немесе орындалмауы анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, оның ішінде профилактикалық сипаттағы шаралар қолдануға;

2) қоғамдық тәртіпті бұзуға жол бермей, провизорлық, карантиндік стационарларды және үй карантиніндегі адамдарды күзету.

9. *Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы:*

1) жеке профилактика шаралары және ауру жағдайында мінез-құлық тактикасын, үй жағдайында халық арасында COVID-19 таралуының алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту;

2) Осы қаулыны барлық мүдделі органдардың, ведомстволардың назарына жеткізсін, халықты БАҚ және өлеуметтік желілер арқылы хабардар етсін.

10. Қаулы барлық жеке және заңды тұлғалардың, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті.

11. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

12. Шектеу іс-шараларының режимі мен мерзімі COVID-19 тарату жағдайының өзгеруіне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

13. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді

Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігері Н.А. БЕРКІМБАЕВА.

ЖҰҚПАЛЫ ІШЕК АУРУЛАРЫНАН САҚТАНЫҢЫЗ!

Жұқпалы ішек аурулары бірнеше инфекцияның басын құрайды. Оған жедел ішек аурулары, дизентерия, сальмонеллез, іш сүзегі, вирустық гепатиттің түрі және вирустық диареялар жатады. Жалпы ішек ауруларының берілу жолдары, жұғу механизмдері, инфекция көздері бірдей, бір-біріне ұқсас. Дегенмен өр инфекцияның өзіне тән ерекшеліктері де бар. Ішек аурулары өсіресе жаз айларында, күннің ыстық мезгілдерінде көбейеді.

Сальмонеллез - нәжіс-ауыз механизмі арқылы беріледі, тағам өнімдері, өсіресе ет және ет өнімдері, сүт және сүт өнімдері, құс өнімдері (құс еті, жұмыртқа) арқылы берілу тән. Жеміс-жидек, көкөністердің өздері сирек инфекцияның берілу факторы болып табылады, бірақ инфицирленген жеміс, көкөністерден өзірленген тағамдар өте қауіпті. Сальмонеллезде негізгі инфекция көзі көбінесе үй жануарлары (ірі қара мал, шошқа, қой, ит, мысық) және үй құстары, балық, тышқан, егеуқұйрықтар. Ал адам тек қосымша инфекция көзі болып есептеледі.

Дизентерия - бактериалды инфекция, спордиялық, топтық немесе эпидемиялық бүрк ету (вспышка) түрінде кездеседі. Жұқпалы ішек ауруларының ішінде дизентерия ауру деңгейі жағынан бірінші орында және балалар үшін өте қауіпті. Дизентерияда инфекция көзі і-жедел немесе ұзақ ауырған адамдар,

Ойыл аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ТАРАҒАН ЖҰҚПАЛЫ ІНДЕТТЕР

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БӨЛЕК АУМАҚТАРЫНДА ТАРАҒАН ЖҰҚПАЛЫ ІНДЕТТЕРДЕН КЕЙБІР ҚАЗАҚ АУЫЛДАРЫНДА ТІРІ ЖАН ҚАЛМАҒАН КЕЗДЕР БОЛҒАН. ШЕШЕК, ОБА, СҮЗЕК, БЕЗГЕК СІЯҚТЫ ЖҰҚПАЛЫ ІНДЕТТЕРДІҢ ЖАППАЙ ТАРАЛУЫ ЭПИДЕМИЯҒА ҰЛАСЫП, ЖАППАЙ ҚЫРЫЛУ ХАЛЫҚ ТҰРМЫСЫН КҮЙЗЕЛІСКЕ ҰШЫРАТТЫ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС Өңірлерінде ең көп таралғаны ОБА ІНДЕТІ ЕДІ.

Оба тарихы, оның таралу барысы туралы кезіндегі «Қазақ» газетінде алғаш денсаулық тақырыбында қалам тербеген Жұмағали Тілеуліұлы: *«Оба тарих жүзінде адаммен ертеден біресе жасасып келе жатқан науқас деуге болады. XIII ғасырда оба мейлінше күшейіп 1346 жылдан 1351 жылға дейін Еуропаның өзінде ғана 25 миллион кісі өлді. Азия мен Африкада да сол шамалы жан қырылған. Обаның кетпейтін, жан-жаққа жайылып тұратын ордасы - Үндістан, Орталық Африка, Моңғолия, Солтүстік Қытай. Үндістаннан Иран жері арқылы Астрахан, Орал, Бөкей, Адай елдерінің жерлеріне келді»* - деп, жұқпалы індеттің өткен тарихта адамзат баласына тигізген зардабы жайында және оның қазақ даласына қай бағытпен келгеніне қысқаша тоқталады. Оның пайымдауынша, ол кезде пайда болған індеттің ошағында не болып жатқанын ойлаған ешкім болмаған. Оба білінген қыстаулар мен ауылдарда адамдардың аурулары мен саулары араласып жатқан. Ол кезде де індет тараған ауылға сыртқы байланысты болдырмау үшін күзетшілер күзеткен, алайда күзетшілер бірінен-бірі алыс болуынан тұрғындар жасырынып қашып шығып, өлгідей оба шыққан жерден дертті сау жерге жұқтырған.

Сол кездегі індеттің зардаптары және қайтыс болған адамдарды жерлеу, жөнелту сияқты рәсімдері көзіргі еліміздегі COVID-19 індетінің таралуы, қаза тапқан науқастарды арнаулы белгіленген орындарға медициналық тәртіппен жерлеуді ұйымдастыру, тағы сол сияқты өрекеттермен сәйкес келеді. Әрине, жұқпалы індетті ауыздықтаудың, таралу жолын кесудің бір қадамы сол кезде де осылай жасалса керек.

Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары өр өңірде ауық-ауық оба індеті білініп тұрған. Сол кездерде ауыл адамдары сөз байласып: *«кімде-кім жедел ауырғандай болса, оңаша үйде жатсын»*, - дескен. Осыны орындаған, аурулар бөлек үйде жатқан, өлген. Дені саулары оларға тамақ, сусын апарып беретін болған. Науқасты оңаша күтетін кісі, сақтықтың не екенін білетін күтуші болуы,

аурудан жазылғандар немесе бактерия тасымалдаушылар. Қоздырғыш адам организмнен нәжіс арқылы бөлініп қоршаған ортаға түседі (топырақ, тұрмыстық заттар т.б.). Инфекцияның берілу факторлары - лас қол, тағам өнімдері, су. Су негізінен топырақ арқылы ласанады. Яғни, инфицирленген нәжістің түсуі кезінде. Ал тағам өнімдері лас қол, шыбын арқылы ласанады. Инфекцияны тарату көзі ретінде шыбындардың алатын орны үлкен.

Жұқпалы ішек ауруларынан сақтану жолдары қандай?

Аурудың ең басты алдын алу жолы - жеке бас тазалығы. Тұрмыста, тағам дайындау кезінде тазалық ережелерін сақтау керек, жеміс-жидек, көкөністерді пайдалану алдында мұқият тазалап, жуу, үйдің санитарлық тазалық жағдайын қадағалау, өсіресе балаларды тамақ ішер алдында қол жууға, жеміс-жидек, көкөністерді жуып жеуге, жеке бас тазалығына үйрету. Жас сәби-лердің, балалардың заттарын (сүт ішетін бөтелке, емізкі т.б.) ойыншықтарын таза ұстаған жөн.

Сол себепті ата-аналарға, жалпы халыққа айтарымыз ішек аурулары өсіресе жаз айларында көбейеді. Сондықтан, өздеріңіз қарапайым ережелерді есте сақтап, балаларыңыздың жеке бас тазалығына мән беруін қадағалаңыздар. Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздейік, ағайын!

қол жетсе дәрігер алғызып медициналық бақылауда болуы туралы кеңес берген. Барлық жұмсайтын ыдыс-аяқ, төсек-орын да бөлек болуы, ең алдымен қолданатын шара тазалық болуы ескертілген. Ауруды баққан адамдар ауру жатқан бөлмеге кіргенде, сыртынан бір киім киіп кіру керек. Ол киімді шығарда сол бөлмеге тастап шығу керек. Аурудан шыққанда қолын, бетін сабындап жуу керек, деген қағидалар қатаң сақталған. Ел өлген адамнан қалған (*киім-кешек, төсек-орын сықылды*) нәрсе-лерді өртеп жіберген. Біздің халық осындай іс тәжірибелерін оба секілді апатқа қарсы қам қыла біліп, қолдарынан келгенше сақтана білген. Бұл тұрғындардың сақтық шараларын қолдану арқылы, өз күшімен жұқпалы індеттерден сауатты түрде сақтанып, аман қалғанының айқын дәлелі.

Бүгінгі күні COVID-19 пандемиясынан сақтану үшін жүргізіліп жатқан сақтық шаралардың бірі «үй карантині», деген оқшаулау әдісін сол кезде қалай жасау керекін «Қазақ» газеті арқылы халыққа түсіндіріп отырғанын байқаймыз. Жұмағали Тілеуліұлы: *«бұлардан басқа обадан сақтанудың жолы – сақтандыру шарасы, сау аудан мен науқасы бар ауданды қатынастырмау. Орал, Бөкей жағында жайылған обаны тоқтатуға үкімет талай рет карантин жариялаған»* - деп жазған.

Олай болса, бүгінде өлемдік пандемияға айналған COVID-19 індетінен сақтану үшін 15 күн карантинде ұстау шарасы, қалалар мен аудандар арасына кедергі қою індеттің таралуына және жайылуына негізгі тосқауыл. Қазақ ауылдары XX ғасырдың бірінші ширегінде-ақ оба індетінен осылай сақтанған.

Сол кездегі баспа беттерінде қатаң карантин шараларының сақталуын, оқшауланудың маңызын айқындап, тұрғындардың өрбіріннің саналы өрекеттерінің маңызын атап көрсеткен. Сонымен қатар, осы өрекеттер арқылы жұқпалы аурулардан сақтану, алдын-алу, қорғану шараларын өз күштерімен жүргізгенін көрсетеді.

Ж.ҚАТУОВА,
Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясының паразитологы.

ҚАРА ТОН ... КӨК КӨРПЕ ...

Сонымен, Нұртілеу Алтайдан қарашаның соңында, күзгі қара-суықпен ілесө келді. Тау бөктеріндегі бір мықтының жаз кезінде отыратын екі бөлмелі үйін жалға алған-ды. Басқа дұрыс пөтер табылмады да, алдағы қысты осы үйде өткізуіне тура келді. Жылу тартылмаған. Бөлме пешпен, пеш көмірмен жылытылады. Жақында үш тоннадай көмір түсіріп алған-ды. Арнайы қалқасы жоқ, ашық жерге түсірілген көмір, ұнтағы көп болғандықтан, желмен ұшып, әрі ысырап болса, әрі айналаны ластай-ды. Бағасы да удай, бірдемемен бүркеп, шеттерін бастырмаса бол-майды. Бір күні жұмыстан оралып, ішке кіре берді де, кілт тұрып қалды. Тұлабойын бір жайсыз сезім билеп, денесі қалтырап та кетті. Тынысы тарылғандай, пальтосының омырау ілгектерін бірінен соң бірін ағытқанын өзі де сезбей қалды. Жоқ, оның денесін қалтыратқан күзгі қарасуық емес-ті. Көз алдындағы көрініске аяқ астынан бүрк еткен ішкі сезім қарсылығы болатын. Әнтек ұмтылып, көмір үстіне жабылған қара тонды жүнін сыртына қарата бүктеп, көмір үгіндісінен еппен босатып алды. Сосын жеңілдеу сілкіп, қайтадан бүктеді. Бауырынан босатпай, жапырағы түсіп, сидиған алма ағаш түбіндегі орындыққа барып отырды. Ескі сықырлай ашылып, іштен өйелі Сәния шықты. Күйеуінің түсі бұзылып, бозарып кеткен түріне шошына қарады. Іле, оның құшағындағы қара тонға көзі түсті де, жылт етіп жүзіне қызғылт бояу жүгірді.

— Жел тұрып кеткен соң, қолыма іштеңе ілінбей ...

Нұртілеу ештеңе деген жоқ. Басына қан шапты ма, самайы шаншып қоя берді. Бұл тақырып бұрын да бір рет көтерілген-ді. Онда кіре беріске шығып қалған қара тонды Нұртілеу өз киімдерімен бірге шкаф ішіне қайтадан іліп қойған еді. “Бейдібектің көзі ғой, киілмесе де өзінің сыйлы жерінде тұрсыншы” деп ескерткен-ді. Сәния да анда-санда, үй жинағанда басқа киімдермен бірге сілкіп, қағып, жеңілдетіп алатын.

Бұл қара тон, ол кезде қолға оңай түсе бермейтін. Косыгиннің кезінде ауыл шаруашылығы күйзелістен шыға алмай, азық-түлік мәселесі ЦҚдағылардың бас ауруына айналып, соны шешудің бір жолы ретінде совхоз директорларына ойқышойқы дала жолдарына төзімді Газ-59 автомашинасын кезектен тыс беру жөнінде арнайы қаулы қабылданғаны сияқты, цыгай қойының терісінен жасалып, қара бояумен боялған тондар тек шопандарға ғана берілетін. Қазір ол күлкілі естіледі. Күлкілі естілгенмен ол да басқаның емес өз өміріміздің кейінде қалған бір бөлігі ғой. Қалай дегенмен, өмір көргендердің тәжірибесіне үңіліп қойғанның еш артықтығы жоқ, өткеніңді білу бүгінгіңді таразылауға көмектеседі, бүгінгіңді таразылау болашаққа жетелейді дейді олар.

Және қара тонның Нұртілеу үшін ерекше ыстық болатын басқа бір үлкен себебі бар. Бейдібекті жерлеп

болғаннан кейін, кері жүрерде ағайын-туыстары, бала-шағалары ортасында Бейдібектің анасы: “Айналайын, қазақтың бұл да жол-жорасы, ырымы ғой, досыңның мына тонын көзіңнің қарашығындай сақтап, өзің киіп жүр” деп тапсырып еді. Үлкендер солай шешті ме, әлде бұл Нұриланьң өтініші ме, кім біледі, Нұртілеу сөз қайыра алмады және шынында, досын есіне түсіріп жүруге бұл да сеп шығар. Бірақ, өмірдің өз заңы бар. Қара тонды Нұртілеу көп киген жоқ. Алматының қысы Ақтөбенің қысы емес. Сыпайылап айтқанда, киім киюдің жарасымы да тез өзгеріп кетті.

Ол өзгерісті Нұртілеу тоқтата алмайды. Бірақ, адам мойнына неге тұмар тағады? Оны неге қасиет тұтады? Соқыр сенім бе, өзін өзі сол соқыр сеніммен алдарқату ма?! Жо-жоқ, ол жан мен тәннің тұтасып кеткен болмысы, мүмкін, туа біткен, дүние есігін ашқанда тәніне дем болып құйылған демдеуіші шығар. Иә, иә, солай, тап солай! Тұмар тағу да, қасиет тұтқан нәрсенді қадірлеуге бар күшінді салу да солай болғандықтан. Нұртілеудің қара тонға қарап қалған ештенесі жоқ, бірақ досыңның көзіндей, өрине ол шынайы досың болса, сонау, сонау жастық шағыңның қылықты да қызықты сәттерін уақыт тереңінен суырып алып, көз алдыңа өкелетін күшті досыңа деген сағынышыңнан ғана табасың. Қара тон киіп шөліген Бейдібекті, қарға домалатқан, өзі де мойнына қар құйылып, аға ұрпақтың табалды-рығынан аттаса да, тап солай тиісті дей жас балаша мез-мәйрам болған күндерді енді, қанша жаныңды салып іздесең де таппайсың. Іздемесең өмірің күңгірт тартады.

Иә, бірінен бірі аумайтын, сонымен бірге біріне бірі мүлдем ұқсамайтын оқшау күндер өтіп жатты. Нұртілеу Алтай экспедициясының нәтижелері талқыланған есеп беру жиналысында сөз сөйледі. Адам да табиғаттың бір бөлшегі — жаңбыр суына қанып, күн сәулесіне жапырағын жайған немесе тамшы тамбай, бүрісіп-тырысқан гүл сияқты жұмысы өнсе еңсесі көтеріліп, бойында құштарлық оянады, өнбесе еңсесі түсіп, сіркесі су көтермейді. Берел қорымын зерттеу жайы көдімгідей табысты жалғасып келе жатқан. Экспедицияның осы жолғы сапары да солай аяқталды, экспедицияның басқа мүшелері сияқты, Нұртілеудің де ойлы ұсыныс-пікірлері аз болған жоқ. Ал, Ойыл экспедициясы, “е, онда не бар дейсің” немесе “басқа шаруаларды игере алмай жатқанда, ешкім неге бұлай дей қоймастың” кебімен, тиісті билік басындағылардың есінен шығып та кеткен сияқты. Апырай, о несі, ылғи да осылай, кеңестік кезең архологтары да, теуелсіз билік археологтары да, Ойыл өңірі археологиясы тағдырына осы мінез жазылып қойғандай, алақандарын ысқылап, істі құлшына бастап кеткенмен, көп ұзамай қайта суып, соңы ұзақ үнсіздікке ұласады. Осыдан жиырма-отыз жылдай бұрын В.А.Иванов, В.А.Кригер жетекшілік

еткен шағын топ та осында қазба жұмыстарын ықыластана қолға алып еді, жұмыс ауқымы бір-екі шаруашылық аумағын түртіп-қазып, игі ниет байқатудан өріге аспады. Нұртілеу басқарған экспедиция да соның жолын құшты.

Рухани жаңғыру өдемі-ақ ұран, бірақ қай саланы алсаң да, алдыңнан осындай немесе осыған ұқсас кедергілер тосып тұрса, адымың қалай ашылады. Ашылсын, ашылмасын, бәрібір Нұртілеу алған жолынан таймайды, ең бастысы — өмірлік мұратыңның қасиетті мұрат екеніне көзің жетті ме, қандай қиындық кездессе де мойымау керек.

Ойына түсті де, жымиды. Рухани рахаттану ұлт таңдамайды, жаздың жанға жайлы бір кешінде жас француз — Фредерик Бартольди Париж көшесімен серуендеп келе жатты. Серуендеу аты ғана, еркінен тыс қиял, қиял болғанда қандай, адамзаттың болашағына құлаш ұрған романтикалық асқақтық құшағында тербеліп келеді. Бақытты бейбіт өмірдің символын әлемге жария ету керек, адам рухын бөрінен жоғары көтеретін ұлы қасиетті жырлау керек. Әрі мүсінші, әрі архитектор жігіттің қиялы келе-келе идеядан әлемдік ғажайыптардың біріне, нақты ақиқатқа айналды. Бірақ, сол ғажайып — Бейбітшілік Шынары Бартольдидің туған жерінде емес, мұхиттың арғы бетінде, Америка құрлығында бой көтерді. Өйткені, өз еліңде қандай істің болсын бағын ашудағы ең басты кедергілердің бірі — қаражат бір жағынан, кежегесі кейін тартатын пәни қолбайлаулар екінші жағынан қыса берді де, ақыры қиялындағы шаруаның қисыны мұхиттың арғы жағынан бұйырды. Франциядағы азаматтық соғыстан қажып, бейбітшілікті аңсаған жазушы, ғалым Эдуар де Лабүлэнің арманды идеясын іле жалғап кеткен Бартольди де отандасы Лабүлэ сияқты, амери-калық патриот Джозеф Пулитцер немесе әлемдік ғажайыптардың бірі Эйфель мұнарасының авторы Александр Густав Эйфель үлкен азаматтық жүреппен қолдамағанда, кім біледі, бармағын тістеп қалар ма еді?

О, Бартольди, бақытың бар екен! Ғажап идеяны ғажайып әлемдік жәдігерге айналдыра білдің. “Бізде де, менің отанымда да, сан ғасырлап жер қойнауында көмілген, кейін сен сияқты патриоттардың күш салуымен жалғанның жарығына шығарылған ескерткіштер қаншама! Ескі қаласынан табылған Алтын адам, Берел жылқысы, Сақ көсемі ... бәрі, бәрі ЮНЕСКО тізімінде, көшірмелері әлемнің жұлдызды орталықтарын аралап кетті. Айтпақшы, жаңағы Сақ көсемі Ойыл өңірінің іргесінен, Доссор маңынан табылды. Археологтар Орындық тауымен жалғасып жатқан Қарауыл төбені сол сақ заманының ескерткіші санайды, өттең нақтылауға қол қысқа, мүмкіндік болмай жатыр. Одан да өкініштісі, ішкі дүниенің нәріндей нәзік ұлттық қасиеттер, рухани сұраныстар көзден тасалана береді. Ал, сол қасиеттер мен

сұраныстар болмаса, оның соңының неге апарып соқтыратынын ойлаудың өзі қорқынышты.

Жоқ, қиял өміршең, өлмейді. Табаңдап өтініп жүріп, Нұртілеу Ойыл экспедициясы жұмысын қайтадан жандандыруға жоғарыдан рұқсат алды. “Қаражат бөлінетін болды, бұйыртса алдағы көктемде жолға шығуларың мүмкін” деп қуантып қойды академик. Енді алдағы көктемді асыға күтіп жүр. Тіпті, белгісіз бір сағыныш жүрегін сыздатып, тосын көңіл күй маза бермейді. Кімді сағынады, кәсіби арманының жабылып қалған бір құлпын ашуға асыға ма, әлде келмеске кеткен жастық шағын, достарын, туыстарын сағына ма?!

“Айналайын, Айгүл! Сен сияқты нәзік жүректі ұрпақ көп болса, көзден кетсе де, көңілден кетпейтін күндер табиғат көктеміндей сан қайтара орала берер-ау!”. Қарапайым ғана, бірақ соншалықты ыстық жүрек лүпілін қазір де сезініп отыр. Жақында, жаңа үйге көшкенде Айгүл тосын сый тартты. “Аға, мына көк көрпені, — деді, — сізге арнап өзім тіктім, өзіңіз жамылып жатыңыз». Нұртілеу толқып кетті, аузына сөз түспеді. Не айта алады, және қандай шешен болса да бұл арада тіл күрмеулі, бәрібір әкесіндей еркелете алмайды. Нұртілеу Айгүлді бауырына тартып, маңдайынан терең деммен иіскеді. “Жастардың қолдарына ине ұстайтындары сиреп барады. Базарларда, дүкендерде көздің жауын ала текшеленген көрпелердің бірі емес, өз көзіңің майын тамызып, өз жүрегінің нұрын төккен, ғажал!” деп ойлады тебіреніп.

Сол көрпені ол қолына тиген күні-ақ жамылып жатты. Есіне қара тон түсті. Жүрегі тағы да шымырлады. Қара тонның әржағынан, сонау-сонау өткен күндерден елестей болып Бейдібектің бейнесі қылаңдады. Үндемейді. Нұртілеу де үнсіз. Екі өмірдің арасы таяқ тастам жердей көрінгенмен, мүмкін кейін болар, бірақ дәл қазір жеткізбейді. Сосын, қара тонмен бірге туған ағасының костюм-шалбары есіне түсті. Ағасы Бикен партия қызметінде істеді, өте таза жүретін, мейлінше адал адам еді. Ерте айрылған әкесінің орнын басты, былайша айтқанда маңдайына шаң тигізбей бағып-қағып, оқытты. Үйлендірді, тойын жасап берді. Құдай-ай, бәрі де өткінші екен ғой, ағасы жаман аурудан қайтыс болды. Қайғылы қаза шаралары өтіп, астанаға қайтарда жеңгесі: “Қайным, мынау ағаңның жұмысқа киген киімі, ежелден келе жатқан дәстүр ғой, ағаңның көзіндей етіп киіп жүр” деп костюм-шалбарды алдына қойды. Алды, астанаға оралғаннан кейін киіп те көрді. Ағасы дембелше, толық адам еді. Костюм Нұртілеудің сидам бойына мүлдем жараспады, оның үстіне өмір озып, талғам-талап жаңарып жатқан кез ғой. Нұртілеу костюм-шалбарды жылтыр жамылғыға салғызып, өз киімдерінің арасына іліп қойды. Жылдар, жылдар ... костюм қозғаусыз тұра берді, уақыт өте келе немесе жиһаз-мүліктерді

орын ауыстырып, пөтердің сән-салтанатын өзгерткен кезде ол, қызметінен айрылған жұмыскердей, көзге оғаш көріне бастады. “Ағаңа деген сағынышты мені құр іліп қоюмен баса аласың ба?” дейтін сияқты. “Ол да күндердің күнінде қара тонның кебін киюі мүмкін ғой”. Жұмыста отырғанда да: “Не істесем екен?” деген ой басынан кетпей қойды. Ақыры, тосын шешімге тоқтады. “Балам, папаңның костюм-шалбарын өз дәстүрімен жерлеуіміз керек” деді ұлына. Ұлы да, әулетте қалыптасқандай, Бикен ағасын “папа” дейтін. Қайда жерлеу керек?! Әрине, бейітке емес. Адамдар арасында оған орын жоқ. Ендеше қайда?! Қалада тұрады, ал қалада әр шаршы метрдің есептеулі екені белгілі. Адам аяғы баспайтын, сонымен бірге ешкімге кедергі келтірмейтін оңаша орынды қайдан табуға болады. Нұртілеу темір жол бойында тұратын, күнде ертеңгілік, таңғы елең-алаңда теміржолды бойлай отырғызылған теректер арасында серуендеп, денесін шынықтыратын. Ау, ешқандай құрылыс салынбайтын, коммуни-кациясы тартылып болған мұндай қолайлы жерді қайдан табады?! Нұртілеу ұлын ертіп әкеліп, әрі оқшау, әрі құлаш толатындай діңімен, қалың жапырағымен көзге айрықша көрінетін алып терек түбінен шағындап шұңқыр қазды. Су өтпейтін материалмен мұқият оралған костюм-шалбарды сол шұңқырға асықпай, баптап орналас-тырып, үстін өз топырағымен жапты. Оны төмпешік қылмай, тегістеп жайып, ұлы екеуі соның жанына тізерлеп отырды. Нұртілеу ұлына иек қақты, ол әуезді мақаммен құран оқыды. Бойын тіктеді, көңілі алабұртып, қимастық сезім тұлабойын билеп алғаны сондай, ол қалшиған күйі ұзақ тұрды. Ағасы қайтыс болғанда құлпытасына: “Мәңгілік ештеңе жоқ, Сізге деген сағынышымыз ғана мәңгілік!” деген сөздер жаздырған еді. Сол сөздер есіне түсіп, жаңағы бойын бұған қимастық сезімнің сондағы алапат сезімнен аумайтынын ұқты. Ұқты да: “Мен басқа не істей аламын” деп іштей күбірледі.

Иә, өмір — шексіз әлем, жанкешті саяхатшы. Академиктің айтқаны келсе, алдағы көктемде Ойыл экспедициясы жалғаспақ. Туған жердің қойнауында қандай алтын көмбенің тұншығып жатқаны Нұртілеуге өзiрге белгісіз, бірақ тарих тағылымына ынтық көңіл қанын ойнатып, ол төсегіне беттеді. Айгүл сыйлаған көк көрпені жүрегі лүпілдеп қолына алды, төсегіне жайып, шетін қайырды да, сол қайырылған жерден тығылмақ ойнаған балаша астына лып етіп кіріп кетті. Рахаттана бүркеніп, ондағы ауаның ысып бара жатқанын да өлемей, керіле созылды. Адамның бақытты бо-луына көп нәрсенің керегі не, табиғат жаратқан қасиеттен айнымаса, қадірлеу, құрметтеу ұғымының өзіне шынайы қадірмен, шынайы құрмет-пен қарап, таза өмір сүрсе жетпей ме?!

Сырым БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан қаласы.

Көшпелі комиссия

САУАЛ КӨП, ЖАУАП АЗ!



Өткен аптада жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында аудан әкімі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның көшпелі отырысы Қараой, Сарбие ауылдық округтерінде өтті.

Көшпелі отырысқа комиссия төрағасы, аудан әкімінің орынбасары М.Айдарбаев, «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының бірінші орынбасары С.Займолдин, Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Н.Атағалиев, Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт

бөлімінің едіскері Д.Нұрғазин, Ойыл аудандық полиция бөлімінің қызметкері А.Батанов пен аудан әкімі аппаратының бас маманы Г.Ермағанбетовалар қатысты.

Екі ауылда да кездесуде алдымен комиссия төрағасы көшпелі кеңестің мақсатын түсіндіріп, аудандағы жалпы ахуалды баяндады. Әрине, Ойыл өндірістен жырақ жатқан, ұлттық тәрбиенің ұясы саналатын аудан. Алайда, ғаламтор мен өлеуметтік желінің «жемісі» бүгін біздің ауданның да жастар тәрбиесіне жауапты мамандарын ойландырып отыр. Соңғы кездергі жасөспірімдер арасындағы елді елең еткізген

оқиғалар жиілеп барады. Яғни, оқушылардың топталып төбелесуі, болмаса суық қару ұстауы сияқты көріністер араға жыл салып қайталанып отыр. Өкініштісі сол, өрімдей бозбаланың өлімімен аяқталған оқиғаның қазір тергеу амалдары жүріп жатыр. Әрі соңғы оқиға Сарбие ауылында орын алды. Әрине, істің ақ-қарасын тергеу барысы көрсетеді. Бірақ, бір түйін бар – барлық салада кемшілік кетті. Бала мезгілсіз уақытта қайда жүр? Ата-ана баласын неге іздемейді? Учаскелік полиция инспекторы алақандай ауылда жасөспірімдердің қозғалысын неге бақыламайды? Осындай жауабы жоқ сансыз сауалдар тұр алдымызда.

Екі ауылдағы кездесуден не түйдік? Әлде, бөріне карантин кінәлі ме? Жоқ. Былайғы уақытты айтпағанда, карантиннің кезінде бала кешкі тоғыздан кейін үйден шықпау керек! Түн жарымына дейін баланың көше кезуі – карантин талаптарының тұтас ауылда орындалмауы. Ал, Абайға жүгінсек, «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын!» - дейді. Сондықтан, ертең бармағымызды шайнап, өкінбес үшін бүгін баланың тәрбиесіне баса назар аударуымыз керек!

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

АМАНГЕЛДІ ЖІГІТТЕРІНІҢ АУДАНҒА ҮЛГІ БОЛАР ІСТЕРІ КӨП

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНА 18 ШАҚЫРЫМ АМАНГЕЛДІ АУЫЛЫ АУДАНЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН ЕЛДІ МЕКЕНІ. ХАЛЫҚ САНЫ ТҰРАҚТЫ, 100 ДЕН АСА ТҮТІН БАР. ОҚУШЫЛАР ЖЕТКІЛІКТІ. БҮЛДІРШІНДЕРДІҢ САНЫ КӨҢІЛ ҚУАНТАДЫ. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ ЖАҚСЫ. ТІПТІ, МЕКТЕПТЕГІ БАЛА САНЫ КЕЙБІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІҢ ОРТАЛЫҒЫНАН АРТЫҚ.

Сондықтан да, шағын ауылдардың ішінде алғашқы болып ауыз су жүргізілді. Жаңа медпункт салынды. Екі қабатты сәулетті мектебі де бар. Тек, амангелділіктерді алаңдататын мәселе – қысқы жол қатынасы. Әрине, төте жол картада жоқ. Сондықтан, тіке жол салынбайтыны түсінікті. Әсіресе, жеке тұрғындардың жыл сайын үй салуы ауылдың көлбеті мен халық санына үлес қосып келеді. Тағы бір сүйсінетініміз – жастардың ұйымшылдығы, ауызбірлігі. Жаздай бөлек-бөлек бригада құрып, ауданға, қалаға барып құрылыс жұмыстарын атқарып табыс табады. Демек ерінбеген адамға жаздай кесіп бар дегенді ағалары бастап, інілері



қостап, іспен үлгі болып отыр. Жыл сайын жағымды жаңалықтарымен қуанып отыратын ауылдың жігіттері биыл да үлкен істерді қолға алды.

Бұл біріншіден баланы үкіметке алақан жайып отырмай, еңбекке баулу болса, екіншіден балаларының пәпәхасы.

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес, учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы Ойыл аудандық мәслихаты хабарлайды. Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылатын сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2020 жылдың 15 маусымнан бастап 6 шілдеге дейін, ұсыныстары белгіленген жағдайда, мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;
- 2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;
- 3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан өкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы тиіс. Сайлау туралы Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2020 жылдың 6 шілдеге дейін дүйсенбі - жұма күндері 09:00-18:30 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Құрманғазин көшесі 43. Жауапты тұлға - Досов Мыңжасар Кемалханұлы, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефоны 2-13-70, 2-10-98, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-702-278-46-99 электрондық пошта: maslixat.uil@mail.ru **САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:**

Учаскелік сайлау комиссиялары			
№	397 сайлау учаскесі	1	
№	401 сайлау учаскесі	2	

ТҮЗЕТУ

«Ойыл» газетінің 2020 жылғы 9 маусымдағы №23 санындағы аудандық аумақтық сайлау комиссиясы хабарламасының кіріспе бөлігінің бірінші жолындағы «**Қараой және Сарбие ауылдық округтері әкімдерінің**» деген сөз «**Қайыңды ауылдық округі әкімінің**» деп оқылсын.

Осы хабарламаның бесінші жолындағы «**Ойыл ауылдық округі әкімін**» деген сөз «**Қайыңды ауылдық округі әкімін**» деп оқылсын. Техникалық қателіктер үшін оқырмандардан кешірім өтініміз.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ШАРТТЫ СОТТАЛҒАНДАРДЫ БАҚЫЛАУ БАСҚА ҚЫЛМЫСТАРҒА ЖОЛ БЕРМЕУ

Ойыл аудандық Пробация қызметі 2020 жылдың 15-25 маусым аралығында «**Шартты түрде сотталған**» атты Республикалық жедел-профилактикалық іс-шаралар арасында жұмыстар атқаруда.

Шараның мақсаты - бас бостандығынан айырумен байланысты емес сотталған азаматтардың тарапынан болатын құқық бұзушылықты және қылмыстың қайталануын уақытылы анықтау. Аталған шара аясында Ойыл аудандық Пробация қызметінің есебінде 18 сотталған азамат тұрғылықты жері, өкімшілік деректер базасы (шекарадан шығу, ескертусіз елдің ішінде жүру, өкімшілік құқық

бұзушылық және т.б.) және ішкі істер органдарының есептері бойынша тіркелуден, заң талаптарын орындамай жаза өтеуден қасақана жалтарып және қоғамдық немесе өкімшілік тәртіпті бұзған сотталған азаматтарға қатаң шаралар қолданылады. Сотталған азаматтардың туысқандарына жаза өтеудің тәртібі мен шарттарын түсіндіру және қайта қылмыс жасамау мақсатында профилактикалық тұрғыда өңгіме-кеңестер жүргізілуде.

Т.АБЫТАЕВ,
Ойыл аудандық Пробация қызметінің инспекторы.

Ойыл ауданы, Көптоғай ауылдық округінің Көптоғай, Шұбарши ауылындағы атауы қайталанған көшелердің атауын өзгерту туралы жергілікті қоғамдастық жиынының №1 ХАТТАМАСЫ

Көптоғай ауылы «12» маусым 2020 ж **Көптоғай, Шұбарши ауылында жергілікті қоғамдастық жиналысында қатысуға құқығы бар мүшелер саны : 44**

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ:

1. Көптоғай ауылдық округі әкімі Асылбаев Ерлан Базарбайұлы
 2. Жергілікті қоғамдастық мүшелері
 3. Көптоғай, Шұбарши ауылының тұрғындары
 4. Таушанова Нұрыгүл Жарылғасынқызы - қоғамдастықтың төрағасы
 5. Омарова Мейрамгүл Бақтығалиқызы - қоғамдастықтың хатшысы
- Қоғамдастық мүшелері қатысқан адам саны – 30.**
Жергілікті қоғамдастық жиналысын Көптоғай ауылдық округі әкімі Е.Б. Асылбаев ашты.

КҮН ТӘРТІБІ :

Көптоғай ауылдық округі Көптоғай, Шұбарши ауылындағы атауы қайталанған көшелердің атауын өзгерту туралы.

Жиында қоғамдастықтың төрағасы Н. Таушанова күн тәртібіндегі мәселелерге тоқталып, Республикалық ономастика комиссиясының отырысында қаралып мақұлданған «**Тарихи тұлғалар**», «**Тарихи жер-су атаулары**» және «**Дәстүрлі атаулар**» тізімдерінен «**Әл-Фараби**», «**Абай**», «**Ишанбай Қарақұлов**», «**Шығанақ Берсиев**» атауларын беруді ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Б.Жұмырбаев – Мен бұл ұсыныспен толық келісемін. Себебі бұл тұлғалар елімізге белгілі тарихи тұлғалар, ауданымызда бұл тұлғалардың есімі жарқырап, ұрпақтарымыздың аузынан түспесе нұр үстіне нұр болар еді. Сонымен қатар, биылғы мерейтойын ескере отырып, қазақтың ұлы ақыны, философ Абай атамyzдың есімі бір көшеге берілсе жақсы болар еді.

Е.Ниязов – Бұл өзімізге, болашақ жастарымызға қажет. Орта ғасырдағы түркі әлемінің данышпан ойшылы, энциклопедист ғалымы, философы Әл-Фарабиіе биыл 1150 жыл толып отыр. Осындай аса көрнекті тұлғаларының ұлықталуын толық қолдаймын. Ауылымызға келетін қонақтар бар, ауылымыздың көштен қалмай, заманға сай көркейіп тұрғанын жанымыз қалайды. Көшелеріміздің атауы жастарға ой салатындай болып, әдемі аталып тұрса керемет емес пе?

Қ.Сатығалиев – Мен де бұл ұсынысқа келісемін. Жалпы біздің еліміз жерін, елін қорғаған ата-бабаларымызбен бірге тарихи тұлғалардан кенде болмаған. Сондықтан, алдағы уақытта көшелерге атау бергенде осындай тұлғаларды да ескеріліп енгізу керек, бұл біздің өскелең ұрпағымызға өткенімізді ұлағаттап, рухани – патриоттық тәрбие беруде үлесі орасан зор. Ғалым- эпидемиолог, медицина ғылымдарының докторы, КСРО медицина ғылымдары академиясының академигі Ишанбай Қарақұлов, тары өсіруден рекордсмен, соғыс жылдары тары өнімділігі бойынша әлемдік рекорд орнатқан Шығанақ Берсиевтің есімдері мәңгі ұмытылмауы тиіс.

Н.Таушанова – Енді осы ұсынысты дауысқа салу қажет деп санаймын. Сонымен дауысқа салсақ.

Көптоғай ауылдық округінің Көптоғай, Шұбарши ауылындағы атауы қайталанған көшелерінің атауын өзгерту туралы сұрағы бойынша санау үшін дауысқа салынады.

(дауыс беруге қатысушылардың қол көтеруімен ұсыныстар анықталды)

«**Жақтады**» - 30

«**Қарсы**» - 0

«**Қалыс қалғандар жоқ**» - 0

Қоғамдастықты тыңдауға қатысып отырған азаматтардың дауыс беру қортындысы бойынша Көптоғай ауылдық округі Көптоғай, Шұбарши ауылдарындағы атауы қайталанған көшелердің атауын өзгерту мақұлданды.

Жиналысқа қатысқан жергілікті қоғамдастық мүшелері айтылған ұсыныстарды бір ауыздан қолдап **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Көптоғай ауылдық округі бойынша атауы қайталанған Көптоғай ауылындағы Бейбітшілік көшесінің атауын «**Абай**», «Тамдыкөл» көшесінің атауын «**Әл-Фараби**», Шұбарши ауылындағы «Тәуелсіздік» көшесінің атауын «**Ишанбай Қарақұлов**» және «Достық» көшесінің атауын «**Шығанақ Берсиев**» атауларына өзгерту ұсынылсын.

2. Осы ұсыныс облыстық ономастика комиссиясының қарауына ұсынылсын.

Жиын төрағасы: Н.Таушанова

Жиын хатшысы: М.Омарова

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы мәдениет саласының ардагері Орынбаева Жаңылға жолдасы **Төреханов Өтемістің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ұжымы музейдің қор сақтаушысы Құлмұханов Медет Ерниязұлына атасы **Құлмұханов Жұрымбайдың** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.